

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 2(22) сәуір-маусым 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытайтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашии Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
- Кумекоев Болат Есимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Сыдыков Ерлан Батташев – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

- Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*
- Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*
- Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*
- Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*
- Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*
- Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*
- Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*
- Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*
- Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*
- Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*
- Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*
- Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*
- Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*
- Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*
- Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*
- Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*
- Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*
- Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*
- Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*
- Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*
- Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*
- Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*
- Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ЭЛИТА МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ДІНИ ҰСТАНЫМДАРЫ (Ибн Рузбихан және Мұхаммед Әуез еңбектері бойынша)

Әлімбаев Қ.С.

Магистрант. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Алматы қ., Қазақстан.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамының ұжымдық діни бірегейлігіне қатысты мәселе көтеріліп екі парсы тілді ортағасырлық шығарма мазмұнындағы құнды мәліметтер талданады. Ол – Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-и Бухара» («Бұхара мейманының жазбалары») еңбегі және Мұхаммед Әуездің «Зийа әл-кулуб» («Жүректер сәулесі») атты ортағасырлық агиографиялық шығармасы. Соңғы деректі ғылыми айналымға енгізген белгілі қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдин болған. Қазақ қоғамының діни сауаты жайлы қайшылықты пікірлер тараған. Осы тұрғыдан Фазлаллах ибн Рузбиханның Қасым хан тұсында өмір сүрген қазақтар арасында айтарлықтай діннен ауытқушылық белгілерін таба алмағаны өте маңызды тарихи ақпарат. Осы танымал еңбекте мұқият қарағанда Қазақ еліне «ислам елі» деген сипаттама беріледі. Сол сияқты «Зийа әл-кулуб» агиографиялық еңбегінде Тәуекел хан бастаған қазақ ақсүйектерінің бұхаралық шейх Қожа Ысқаққа қол беріп, мүрид атанғандықтары жайлы мәліметтер берілген. Осы сынды тарихи мәліметтер мейлінше ескерілсе Қазақ хандығы дәуіріндегі діни-конфессиялық процестер мен шарифаттың кейінгі ортағасырлық көшпелі мемлекеттілікке әсері жайлы отандық тарихнамалық тұжырымдар одан әрі жетіліп толықтырылуы сөзсіз.

Түйін сөздер: дін, шейх, суфизм, шарифат, ортағасырлық тарих, агиографиялық еңбектер, көшпелі қазақ қоғамы және ислам ықпалы, сұлтандар, хандар, мемлекет

РЕЛИГИОЗНЫЕ ВОЗЗРЕНИЯ ЭЛИТЫ И МАССЫ КОЧЕВНИКОВ К ЭПОХУ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА (по трудам Ибн Рузбихана и Мухаммада Аваза)

Алимбаев К.С.

Магистрант. КазНУ им. аль-Фараби.г. Алматы, Казахстан.

Аннотация. *Введение.* В статье поднимается вопрос о коллективной религиозной идентичности традиционного казахского общества и анализируются ценные сведения их двух персоязычных средневековых источников. Это – «Михман-наме-и Бухара» (Записки бухарского гостя) Фазлаллаха ибн Рузбихан Исфхани и агиографическое сочинение «Зийа ал-кулуб» (Сияние сердец) Мухаммада Аваза. Последний источник ввел в научный оборот казахстанский востоковед В.П. Юдин. Об уровне религиозной грамотности казахского общества имеются противоречивые взгляды. С этой точки зрения факт о том, что Фазлаллах ибн Рузбихан, изучая религию казахов эпохи Касым хана, не обнаружил существенных отклонений от ислама является очень важным. При внимательном чтении данного сочинения Казахское государство характеризуется автором как «страна ислама». Также в сочинении «Зийа ал-кулуб» приводятся сведения о том, как казахский хан Тауекель вместе с группой казахской аристократии становятся муридами бухарского суфийского шейха Ходжа Исхака. Автор статьи заключает, что в случае более внимательного отношения к подобным сведениям из исторических источников существующие в

национальной историографии представления и концепции о религиозно-конфессиональных процессах эпохи Казахского ханства и степени влияния шариата на позднесредневековую кочевую государственность, несомненно будут углублены и скорректированы.

Ключевые слова: средневековая история, агиографические произведения данные, казахское кочевое общество и влияние ислама, государство, ханы, султаны, шариат, суфизм, шейх, религия.

RELIGIOUS VIEWS OF THE ELITE AND THE MASS OF NOMADS IN THE ERA OF THE KAZAKH KHANATE (based on the works of Ibn Ruzbihan and Muhammad Avaz)

Alimbayev K.C.

Master's Student of the al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan.

Abstract. *Introduction.* The article devoted to the question of the collective religious identity of traditional Kazakh society and analyzes the valuable information of the two Persian-speaking medieval sources. This is «Mihman-name-i-Bukhara» (Notes by the guest of Bukhara) Fazlallah ibn Ruzbikhan Isfahani and the hagiographic work «Ziya al-kulub» (Radiance of hearts) of Muhammad Avaz. The last source was introduced into scientific circulation by the Kazakh orientalist V.P. Yudin. There are conflicting views on the level of religious literacy of the Kazakh society. From this point of view, the fact that Fazlallah ibn Ruzbihan, studying the religion of the Kazakhs of the Kasim Khan era, did not find significant deviations from Islam is very important. Careful reading of this work shows us that the Kazakh state is characterized by its author as the country of «Islam». Also in the source «Ziya al-kulub» gives information on how the Kazakh Khan Tawekel, together with a group of Kazakh aristocracy, become the *murids* of the Bukhara Shaikh Khoja Ishaq. The author of the article concludes that in the case of a more attentive attitude to such information from historical sources, the concepts about the religious and confessional processes of the era of the Kazakh Khanate and the degree of influence of Sharia on late medieval nomadic statehood existing in national historiography will undoubtedly be deepened and adjusted.

Keywords: medieval historical and hagiographic works, data, Kazakh nomadic society and Islam, state, khans, sultans, Sharia, Sufism, Shaikh, the influence of religion.

Кіріспе

Ортағасырлық қазақ қоғамының ұжымдық діни бірегейлігі мәселесі күрделі проблема екені белгілі (Нұртазина, 2018: 93). Кейінгі ортағасырлық қазақ қоғамының діни-конфессиялық өмірі жайлы тарихи мәліметтер жеткіліксіз. Бізге белгілі жылнамалар негізінен қазақтардың сыртқы саясаты мен халықаралық байланыстары, сол сияқты тұрмыс салты, шаруашылығы жайлы мағлұматтар береді (МИКХ, 1968: 26). Ал дін, діни саясат, мұсылмандық құндылықтардың қазақ қоғамындағы нақты рөлін анықтау үшін біз пәнаралық негізде әртекті дереккөздердің материалдарын талдауға мәжбүр боламыз. Мәселен, діни қиссалар, шежірелер, этнографиялық деректер, т.с.с.

Алайда, осы проблемаға қатысты таза тарихи дереккөздер жоқ емес. Мысалы, Фазлаллах ибн Рузбихан Исфahanидің «Михман-наме-и Бухара» («Бұхара мейманының жазбалары») еңбегі ең маңызды және құнды дерек екені сөзсіз (Ибн Рузбихан, 1976: 197). Себебі, бұл еңбектен ислам дінінің Қасым хан заманының өзінде-ақ көшпелі қазақ қоғамының мәдениеті мен күнделікті тұрмыс-салтының ажырамас бір бөлігі болғандығын аңғаруға болады деген түйін жасайды тарихшы Н.Д. Нұртазина (Нұртазина, 2016: 271).

Әдістері

Зерттеудің әдіснамалық принциптері ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістері, анализ және синтез, Дін және діни өмірдің тарихи-философиялық мәселелерін зерттеудің салыстырмалы, объективті, тарихи және философиялық әдістері болып табылады. Мұсылмандық діни институттарды, қазақтардың діни тәжірибесінің құрамдас бөлігі ретінде және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың санаты ретінде талдай отырып, автор әлеуметтік танымның жалпы ғылыми қағидаттарын басшылыққа алады.

Кейбір авторлардың нақты материалды мұқият талдау негізінде ислам дамуының жалпы заңдылықтары туралы әзірленген теориялық-әдіснамалық ережелерді жергілікті жағдайларға байланыстыру әрекеттері Қазақстандағы ислам дінінің ерекшеліктері туралы толық негізді тұжырымға алып келді. Қазақстан тарихындағы ислам мәселелері бойынша көптеген кітаптар, мақалалар, шолулар мен хабарламалар республикада аз уақыт аралығында жарияланды. Кейбір авторлар оқырманды Қазақстандағы діннің пайда болу, таралу және даму тарихымен таныстыру міндетін қойды. Бірақ негізінен елеулі ғылыми-тарихи талдау жасау әрекеттері орын алды (Джалилова 2006: 19).

Талқылау

Республиканың тәуелсіздігін жариялау отандық зерттеушілердің шығармашылық әлеуетін толығымен нығайтты. Зерттеулер саласында сәтті жұмыс істейтін бірқатар ғалымдар, этнографтар, тарихшылар, теологтар бар. 90-жылдардың ортасында қызу талқылауларға айналған мәселелер: исламның қоғамдағы рөлі мен болашағы, оның дамуындағы негізгі тенденциялар қандай? Осыған байланысты ортағасырлық Қазақстан тарихындағы исламның рөлі, исламның қазақ топырағында пайда болуы мен таралуы, қазақ хандарының исламға қатынасы, исламның қазақ мәдениетіндегі рөлі Ресей тарихында белгілі бір дәрежеде зерттеле бастады. Мысалы, А. Муминов, З. Жандарбек, Н. Нуртазина, М. Булутай А. Сұлтанғалиев, Р. Мұстафин және басқалар өз үлестерін қосты (Муминов, 1999: 124). Кәрібаевтың қазақ хандарының діни саясаты да қарастырылды (Кәрібаев, 2014: 223). Біздің зерттеу дерекқорымызға араб-парсы, түркі, орыс-батыс дереккөздері, сондай-ақ қазақ хандарының саясатын анықтайтын фольклор, қазақ асыл тұқымдары, этнографиялық материалдар кіреді (МИСЦА, 1988: 68).

М. Абусейтованың 1971 жылы жарық көрген «Қазақстан және Орталық Азия» атты еңбегінде XV–XVII ғасырлардағы аталған территория тарихын және де саяси әрі дипломатиялық жағынан маңызды зерттеулер жүргізді. Қазақ хандығы дәуіріндегі саясаттың бейнесінен ислам дінінің ықпалын байқауға болады. Мәселен Хақназар хан ноғай мырзаларымен болған күресте Мәскеуге өз елшілігін аттандырды. Ал ноғай мырзалары болса наразылығын танытып Мәскеуге мағынасы мынадай хатты жолдады: «менімен дос бола тұра, олай жасағаның дұрыс емес. Дәулет Герей ханмен бір сенімде болсам да, онымен жақсы ара-қатынаста емеспін, ал Хақназар хан мен сен екеуің өзге діндесіндер, достасуларың дұрыс емес» (Тасмағамбетов, 2005: 170).

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты Б.Б. Кәрібаевтың «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты еңбегінде қазақ хандығының құрылуының этникалық алғы шарттары тарауында, моңғолдардың қыпшақтану процесіндегі исламның рөлін қарастырады. Моңғолдық және түркілік этнокомпоненттердің қыпшақтану процесіндегі маңызды рөлдердің бірін ислам діні атқарғандығын, Алтын Орда хандарының исламға қолдау көрсетуін баяндайды. Ислам дінінің Алтын Орданың қоғамдық өмірінің барлық жағына тереңдеп енгеннен соң, әсіресе этникалық процестердің рухани факторына негіз болды, деген тұжырымдамалар жасайды.

Аширбек Муминовтің Орталық Азия тарихындағы ислам дінінің рөлі және ханафи құқықтық мектебінің маңыздылығы көрсетілген еңбегінде негізінен Орталық Азия ханафи теологтарының өмірлік әңгімелері, жергілікті мәдени-рухани дәстүрмен өзара байланысы және

мемлекеті басқаруда діннің ықпалы. Орталық Азия халықтарының қоғамдық өміріндегі ислам діні шариғатының маңыздылығы туралы айтылып, баяндалады. Араб-исламтанушы А.К. Муминовтың монографиясы жоғарыда айтып өткеніміздей ханафи мазхабының Орталық Азия тарихындағы рөлі мен маңызы және VIII–XV ғасыр аралығын қамтиды. Онда исламның жергілікті мәдени дәстүрлермен өзара іс-қимылының көпғасырлық процестерінде ханафиттердің негізгі рөлі, оны әртүрлі этникалық құрамы бар өңірде бейімдеу, экономикадағы, мәдениеттегі, әдет-ғұрып пен сенімдегі ерекшеліктері көрсетілген. Сондай-ақ, ислам өркениетін дамыту үшін көптеген ұлы есімдер, көрнекті өндірістер берген Орталық Азияның дін ілімі мектебінің тарихы да назарға алынды. Монография тарихшыларға, шығыстанушыларға, дінтанушыларға және Орталық Азиядағы ислам өркениетінің тарихына қызығушылық танытатын көпшілік оқырмандарға арналған.

Нәтижелері

«Михман-наме-и Бухара» біздің тақырыбымызға маңыздылығы көшпелі қазақтардың мұсылмандығына күмәнмен қараған шайбанилердің ықпалымен туған шығарма. Мұхаммед Шайбани-хан Орталық азияның саяси өмірінде ықпалы күшті болған Бұхара дінбасыларынан қазақ хандығына қарсы жорықты идеологиялық жағынан негіздеу мақсатында пәтуә сұраған-ды.

Этно-тарихи жағына келсек, XV–XVI ғғ. қазақтар мен Орта Азияға қоныс аударған өзбектер арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмады. Сонымен бұл этнонимдер шатастырылып, «өзбек-қазақ» тіркесі жиі пайдаланылды. Алайда билікке талас мақсатында Шыңғыс тұқымдарынан болған хандар және сұлтандар, жалпы династиялар арасында, яғни «үлкен саясат» ауқымында бәсекелестік пен әскери қақтығыстар жиіледі.

«Сенімсіздік» туралы пәтуә мәселесі жайындағы сыбыстар Қазақстанға жеткен секілді. Осыған орай, Бұхарада Көкілташ медресесін салу туралы қазақ аңызы пайда болды деседі (Досмұхамедұлы, 1998: 71). Өзінің діндарлығымен, үлкен білімімен ерекшеленетін Көге есімді қазақ Бұхараға қазақтардың нағыз мұсылман екенін дәлелдеуге келді. Ол жерде ол Көкілташ мешіт-медресесінің іргетасын қалаған. Бұхара билеушісі бүкіл халыққа жала жапқысы келген молда Шамсі-Мұхаммедті жазалауға мәжбүр болды. Көге кейіннен Меккеге қажылық жасады, сол жерде ол қайтыс болды. Х. Досмұхамедов аңызға түсінік бере отырып, оның XVI ғасырға жататын нақты тарихи оқиғаларды бейнелейтінін баян етеді.

Мұхаммед Шайбани қазақтарға қатысты әскери жорықты негіздеу үшін шариғат үкімін күтті. Ибн Рузбихан сол кезде діндарлығымен танылған ғалым еді, ол өз билеушісінің бұл талабына алдымен толыққанды діни талдау жасамастан бірден қолдау көрсете алмады. Ақыры ол тіпті көшпелі қазақ даласында зерттеулер жүргізіп, қазақтарды «дінсіз» деп шешім қабылдауды түбегейлі жоққа шығарады.

Бұхаралық ғалым қазақтардың мұсылмандығы жайында мұқият зерттеу арқылы қазақтардың мұсылманшылығын «әлсіз мұсылмандар» деңгейіне бағалайтын ешқандай дәлел таппады. Бірақ кейбір фактілерге назар салатын болсақ, қазақтарды мұсылман қауымдастығының алдында, абыройына нұқсан келтіретін деректер табылған: «сенімді адамдардың жеткізуі бойынша», далада әлдебір пұттардың бейнелері сақталған. Көктемде алғашқы қымыз шыққанда көшпенділер оны шығысқа қарай шашып, әрі күнге сәлем береді-мыс.

Тағы бір мәселе. Бәрімізге белгілі, шариғат бойынша мұсылман мұсылманды тұтқынға алып, құлдыққа сатпайды. «Михман-наме-и Бухара» шығармасында қазақтардың «дінсіздігіне» қатысты олардың тұтқынға түскен шет елдік мұсылмандарды құлдыққа сатады деген айып айтылады. Бірақ бұл да көптеген қауесеттердің бірі болуы мүмкін.

Ұсақ-түйек айыптар болмаса, Фазлаллах Ибн Рузбихан тұтас қазақ халқын «дінсіз» деп, пұттар мен басқада түрлі заттарға табынушы шаманистердің қатарына қосуды қолдай алмайды.

Яғни одан әрі бұхаралық теолог XVI ғ. қазақ қоғамының діни сауаты мен дінді ұстану моделіне жап-жақсы сипаттама береді. Олар (қазақтар) басқа мұсылмандар секілді «Құран әрі намаз оқиды, балаларын медресеге жібереді, некеге тұрады және неке келісімінсіз мүлде үйленбейді» (Ибн Рузбихан, 1976: 63).

Бұдан ары қарай деректе «бұл адамдар (яғни қазақтар) «куәлік етеді» (дінді қабылдағанын білдіретін «Лә илләһа иллә Аллах Мұхаммад расул Аллах» сөз тіркесі туралы айтылып тұр - *авт.*), өздерін өзі мұсылмандар қатарына қосады; олардың арасында құрбан шалу, намазға шақыру (азан айту), Құран оқу кең тараған делінген.

Сол сияқты бұл тарихи дереккөзде Фазлаллах ибн Рузбихан қазақ даласына шетелдік діни миссионерлер, ишан-молдалар, дәруіштер үнемі келіп аралап тұратынын растайды. Мәуараннаһр, Хорезм, Еділ мен Кавказдан көптеген ғалымдар және дін уағыздаушылар келетінін атап өтеді. Сондай-ақ «олардың (қазақтардың) саудагерлері ислам елдеріне жиі барып тұрады, ал ол елдердің саудагерлері осында келіп тұрады» делінеді.

Фазлаллах ибн Рузбихан шафиғи мазһабының өкілі болғандығына қарамастан қазақтар арасында діннен ауытқушылықты байқамады. Осы ретте ортағасырлық ислам ғалымының Қазақ елі – «ислам елі», ал қазақ халқы «куәлікті (шаһада) шын жүрегімен айтқан», олардың «исламды қабылдағанына екі жүз жылдан асыпты» және «олар қазір хан, сұлтандарымен бірге барлығы – мұсылмандар» деген тұжырымдары біз үшін аса жоғары маңызға ие (Ибн Рузбихан, 1976: 105).

Ханафи фикһ мектебінің қағидалары бойынша адамға «кәпір» деген айып қою үшін ол Құдай мен қасиетті Құранды әрі ислам дінінің негізгі құндылықтарын мүлде жоққа шығаруы тиісті. Ал, исламдағы намаз, ораза сынды парыз амалдарды орындамаған бірақ, иман келтірген болса «күнаһар мұсылман» деңгейінде болады. Ал енді, қазақтар арасында Қасым хан дәуірінде намаз оқылып, ораза ұсталғандығын әрі өз орталарынан діни сауатты ғалым-ишандар шыққанын ескерсек, қазақ қоғамын «дінсіз» деп, шешім шығару қате пікір екенін түсінеміз.

Бірақ Мұхаммед Шайбани тарапын төнген қысымнан Фазлаллах ибн Рузбихан пұттар жайлы естіген мағлұматтарын дұрысқа шығарып қазақ халқын «діннен шыққандар» қатарына қосуды ұйғарады. «Діннен шыққандар» (немесе «діннен безген») деп, діни қараңғылықтағы пұтқа табынушы кәпірлер мен мәжусилермен салыстырғанда алғашында мұсылман болып кейін белгілі бір себептермен діннен ажырағандарды атаған. Ислам шариғаты бойынша «діннен безгендердің» дәрежесі ауыр күнә деп бағаланған.

«Әрине, олардың (қазақтардың) арасында білім (ислами оқу-ағарту) таратылмаса бұл қағидалардың (исламның парыздары жайлы айтылып тұр - *авт.*) орындалуы мүмкін емес. Ал олар сонша білімді меңгергеннен кейін, біздің алдымызда мүсіннің алдында бас ию – нағыз пұтқа табынушылық екенінен өздері де бас тарта алмайды». Автордың пікірінше, қазақтармен күрес «басым бөлігі бұрын исламды қабылдаған елде қайтадан туған дінсіздікпен күрес» болып сипатталуы тиіс (Ибн Рузбихан 1976: 63). Бірақ, бұл пікірдің де негізсіз екенін түсіну қиын емес.

Белгілі қайшылықтарына қарамастан, Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакханидің «Мийман-наме-и Бухара» шығармасындағы Қазақ хандығындағы діни ахуал мен діни процестерге қатысты мәліметтердің маңызы зор. Әсіресе, қазақтардың «исламды қабылдағанына екі жүз жылдан асыпты» деген, сол сияқты осы халық «қазір хан, сұлтандарымен бірге барлығы – мұсылмандар» деген тұжырымдар Қазақ хандығының діни-конфессиялық өткенін реконструкциялауға аса құнды ғылыми ақпарат болып табылады.

Тағы бір назар аударатын еңбек – Мұхаммед Әуездің (XVI ғ.) «Зийа әл-қулуб» («Жүректер сәулесі») атты ортағасырлық агиографиялық шығарма. Деректі ғылыми айналымға енгізген белгілі қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдин болған. Оның мазмұнында қазақ хандары және жалпы көшпелі қазақтардың мәдениеті мен тұрмыс-салтындағы рухани құндылықтары жайлы мәліметтер бар. Дереккөзде көшпелі қазақтар мен қырғыз халқына рухани басшылық жасаған

шейх Қожа Ысқақтың күнделікті өмірі жайлы баяндалады. «Ол өмірінің көп бөлігін ілімін уағыздауға және көшпелі халықтар арасында – қазақтар, қырғыздар мен қалмақтарға дінді уағыздауға арнады» (Юдин 1966: 73).

«Зийа әл-қулуб» еңбегінде Қожа Ысқақтың қазақ ақсүйектері мен халықтың рухани мәдениетіне ықпалы жайында қызықты мәліметтер бар. Нақтырақ айтсақ, агиографиялық шығарманың авторы Тәуекел хан бастаған бір топ қазақ сұлтандарының шейх Қожа Ысқаққа (Хазрат-и Ишан) қол беріп, мүрид атанғандығы жайында әңгіме келтірген. Яғни бұл факт Қазақ хандығының конфессиялық саясатына таптырмайтын бірегей мәлімет көзі болып табылады. Себебі, кеңестік және тіпті посткеңестік тарихнамада әлі де Қазақ хандығы мен қазақ билеушілердің діни ұстанымдары мен шарияттың мемлекетке қатысты туралы тарихи жағдай объективтік түрде ашылып көрсетілмейді әрі тарихи фактілер жеткіліксіз.

Көшпелі дүниетанымға негізделген сопылық әдебиеттің мұрасы молддалардың күнделікті уағыз-насихат сөздерінен әлдеқайда тартымды болды. Сопылар ислам философиясындағы адамгершілік, қанағат, әділеттілік пен мейірімділік сияқты терең ұғымдарды ақындар мен жыраулар поэзиясындағы кең түсінігін адамдар қолдады. Бұл адамдардың әр сөзі халықтың санасына терең сіңді. Тарихшы З. Жандарбек Ясауи ілімдері қазақ халқының ру-тайпалық жүйеге негізделген мемлекеттік жүйесіне негізделеді дейді. Түркі халықтарының рухани және мәдени табиғаты ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік жүйе де Ясауи сопылық ілімінің құрылымдық жүйесімен тікелей байланысты болды.

Тәуекел хан бастаған қазақ сұлтандарының ишанға «қол беру» оқиғасы Самарқанд қаласының маңындағы Кан-и Гил атты мекенде орын алған. Орыс тіліне В.П. Юдин жариялаған аудармасында былай делінген: «Хазрат-и Ишан в то время остановился на куруке Кан-и Гил. Таваккул-хан Казах, со ста двадцатью сыновьями и султанами, все с веревками на шее, плача и рыдая, подняли карету Хазрат-и ишана и стали тереть свои лица о дерево паланкина Хазрат-и ишана ...и таким (вот) образом (они) доставили Хазрат-и ишана в город Самарканд» (Юдин, 1966: 75). Яғни ханның соңында ерген оғлан, сұлтандар саны 120 болған. Соғыс майданында арыстандай айбатты ерлер әулиенің алдында көз жасын көл қылып тәубаға келгені, дін адамына зор құрмет көрсеткені бізді таңқалдырады. Хазірет Ишанды олар көтеріп аяғын жерге тигізбей Самарқандқа жеткізгені баяндалады.

Мұхаммед Әуез бұдан кейін әйгілі қазақ ханына әр кезде ықпал жүргізген ортаазиялық ишандар туралы сөз қозғайды. Автордың айтуы бойынша, аты аталмаған бір ишан «Тәуекелді мен тәрбиелеймін» деп мәлімдеп, оған өкілін жіберген екен, соның нәтижесінде Тәуекел енді оған мүрид болып кетеді. Мұхаммед Әуез Хазреті Ишанның жеке көмекшісі және өте діндар адам болғандықтан Тәуекелдің осы әрекетін яғни басқа мүршидке (ұстазға) кетуін құптамай, кейіннен оның басынан кешкен әскери сәтсіздіктерді және көп ұзамай әскери әрекеттер барысында опат болғанының себебін осы оқиғадан іздейді.

«Зийа әл-қулуб» еңбегінде Қожа Ысқақтың қазақ ақсүйектері мен бұқара өміріне ықпалы жайында басқа да құнды мәліметтер бар. Шейхтың көмекшісі Хафиз-и Араб мынадай оқиғаны баян етеді: «Бірде таудың етегінде біз Хазрат-и Ишанға қызмет етіп жатқан едік, кенеттен Хазрат-и Ишанға қазақтар (мен) қырғыздардың билеушілерінің бірі көп «нәзір» (қайыр садақа) әкеліп берді де: «Уа, хазірет, мына кедейлерге қайырыммен қарап, құдіреті шексіз Алла Тағаладан оларға судың көзін ашуын сұрап дұға жасасаңыз игі болар еді, мына бейшаралар құрғақшылықтың зардабын шегіп отыр, жағдайлары ауыр» - деді (Юдин, 1966: 75).

Қожа Ысқақ шәкірттерімен бірге (Аллаға) жалбарына бастады, шәкірттерінің көзжастары көл болып төгілді, осы кезде кенеттен жер астынан су шықты, сол себепті «билеуші мен оның нөкерлері Хазрат-и Ишанға бірден сенді»; бірнеше күн өткен соң қырғыздардың тура сол билеушісі Хазрат-и Ишанға қызметке өзімен бірге көп адам ертіп келді. Олардың барлығы Хазрат-и Ишанға сеніп, соңынан ерді».

Қазақ хандығы дәуірі тарихының рухани-идеологиялық «ақтаңдақтары» ислам мен шарияттың рөліне де қатысты. Келешекте біз хан-сұлтандардың шариятты қаншалықты ұстанды, дінге, исламиятқа көзқарастырын толық қалпына келтіріп, дәстүрлі мемлекеттілігіміздің типологиясын анықтауға қол жеткізуіміз керек. Осы тұрғыдан алғанда, жалпы ислам діні XV–XVI ғғ. өзінде халықтық сипат алған («менталитеттік») дінге айналған деген ғылыми тезисті негіздеу үшін (Нуртазина, 2009: 113). Ибн Рузбиханның «Михман-наме-и Бухара» мен Мұхаммед Әуездің «Зийа әл-кулуб» шығармаларындағы дінге қатысты мағлұматтарының деректанулық маңызы зор.

Қазақ хандығының құрылуымен қазақтар ұлт ретінде өзіндік дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, менталитеті және діні бар ел санатында әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмір жолында дамып, еркін, тәуелсіз ел болды. XV ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап XIX ғасырдың ортасына дейінгі кезең Қазақ хандығы дәуірі ретінде әлемдік тарихта ерекше орын алады. Қазақ хандығы дәуіріндегі исламдық құндылықтардың қазақ мемлекеттілігі тарихындағы орны мен рөлін бір дәлелмен көрсетуге болмайды. Мемлекеттік саясатта хандар Ханафи шариятын заңның негізі деп санады. Сондықтан Жеті Жарғы сияқты заңдарда бұған дейін Қасым ханның Қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, көшпенділердің әдет-ғұрыптары шарият ережелерін бейнелеген. Шыңғыс ханның ұрпақтары исламизация және қыпшақтандыру процестерін бастан өткерді. Олар мұсылман есімдерін қабылдады және жеке мұсылмандық өмірлері бар адамдарға үлгі көрсетті.

